

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Нұр-Сұлтан қ.

№580

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы, Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы Пулатов Нурмахан Сапарбекович атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "Auto Bus Service" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жарғы негізінде әрекет ететін Басшысы Марценюк Станислав Юрьевич атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) және «2019-09-09» жыл № 3563080-ОК1 «Ашық конкурс» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарлар тізімі (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 73 330 969.60 (жетпіс үш миллион үш жүз отыз мың тоғыз жүз алпыс тоғыз тенге алпыс тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 7 856 889.60 тенге (жеті миллион сегіз жүз елу алты мың сегіз жүз сексен тоғыз тенге алпыс тиын) (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) қол қойылған Шарт;
- 2) жүкқұжат



3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);

4) Қағидаларға 22-4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамтудың үлесі бойынша есеп (шарттық міндеттемелер толық орындалғаннан кейін ұсынылады);

5) Өнім беруші Тапсырыс берушіге берген, жеткізілген тауарлардың сипаттамасымен, санын, бірлік бағасын және жалпы сомасын көрсете отырып, шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт жасасқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 6 628 328.09 ((алты миллион алты жүз жиырма сегіз мың үш жүз жиырма сегіз тенге тоғыз тиын)) құрайтын Шарттың жалпы сомасының 2 199 929.09 теңгеге тең 3 пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 0.00 теңгеге Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәні бойынша көзделген аванс мөлшерін сондай-ақ 4 428 399.00 теңгеге тең Заңның 26-бабына сәйкес соманы енгізуге төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді:

мемлекеттік сатып алу веб-порталына (бұдан әрі – веб-портал) растайтын құжаттың көшірмесін орналастыра отырып, "Банк ЦентрКредит" АҚ, № КСJBKZKX , KZ25856000000004975 БСК Тапсырыс берушінің банк шотына кепілдікті ақшалай жарна банк шотына кепілдікті ақшалай жарна;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 22-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды



және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдау-беру актісін ресімдеуге және Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы жіберуге

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) Тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) Тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) Тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 426-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып қабылдаудан бас тартуға;

3-1) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

4) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.



4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 5 күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) жүкқұжат түпнұсқасы 1 данада ;

2) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе Тауардың техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері

3) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі

4) Дайындаушының немесе Жеткізушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар



Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

5.5 Егер Тауар Қазақстанда шығарылған жағдайда, онда белгіленген үлгіде түпнұсқа немесе көшірме не уәкілетті ұйым бекіткен «СТ-KZ» тауардың шығарылуы туралы сертификат немесе Сәйкестік сертификаты / белгіленген тәртіпте берілген Тауар сәйкестігі туралы декларация беріледі. Егер Тауар шетелде шығарылған болса, онда түпнұсқасы немесе белгіленген тәртіпте шығарылған елінің тиісті органы берген Тауардың шығуы туралы тиісті сертификаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі беріледі. Осы тармақшаның талаптары мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға таратылады, оның құны республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген бесжүз айлық есептік көрсеткіштен асады.

5.6 Тауарды жеткізу кезінде Өнім берушінің өкілінің міндетті түрде қатысуы қажет.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келетініне (МЕМСТ, СТ, ЖСТ, ТУ, техникалық регламент және т.б.);

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

6.4 Кепілдік мерзімі: 12 ай



7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2019-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез



арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

3) уәкілетті орган міндеттемелері тиісінше орындалған шарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы бұзыла отырып Шарт жасасу фактісінің анықтауы;

4) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) Заңның 26-бабына сәйкес сомаларды енгізбеу арқылы Шарт жасасудан жалтару.

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып



табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар

12.1 Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3 . Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) Шартта жеткізілген Тауарлардың бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында жеткізілетін Тауарлар көлемінде қажеттіліктің азаюымен не ұлғаюымен байланысты Шарт сомасының азаюы не ұлғаюы бөлігінде. Жасалған шартты осындай өзгертуге осы мемлекеттік сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі;

2) егер Өнім беруші онымен жасасқан Шартты орындау үдерісінде тауар бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасасқан Шарттың мәні болып табылған жеткізілетін тауардың анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамасын не мерзімін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда

3) Тауарлардың бағасын және тиісінше Шарт сомасының азаюы бөлігінде Тараптардың өзара келісімі бойынша;

4) егер Өнім беруші жеткізілетін тауардың өндірушісі болып табылған жағдайда Тауар жеткізу туралы шарттың орындалу мерзімі өзгерген бқөлігінде рұқсат беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.



12.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы
г.Нур-Султан, Александра Пушкина, 37/2
БСН 960240000570
БСК ALMNKZKA
ЖСК KZ31826Z0KZTD2009360
"АТФБанк" АҚ
Тел.: 27-38-53, 54-16-26
Басқарма төрағасы Пулатов Нурмахан
Сапарбекович

Өнім беруші:

"Auto Bus Service" жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі
г.Алматы, Жетысуский район,
микрорайон Кемел, ул.Аксуат , 42
БСН/ЖСН 140840003714
БСК TNGRKZKX
ЖСК KZ746200030267727001
"Tengri Bank" Акционерлік қоғамы
Тел.: +77272602236
Басшысы Марценюк Станислав Юрьевич

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК - банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС - қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 3563080-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
27240758-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Түтік	отындық, дизельдік қозғалтқыш үшін	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін отындық түтік номенклатуралық нөмірі 504345093	Дана	10	43 202.88	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (10)	0	432 028.80
27230931-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Май сорғысы	жүк автомобилі үшін	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін май сорғысы номенклатуралық нөмірі 504131225	Дана	3	101 314.08	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (3)	0	303 942.24



27231757-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Фара	жүк автомобилі үшін	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін оң жақ алдыңғы бұрылыс шамына қаптау номенклатуралық нөмірі 5801607921	Дана	30	16 680.16	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (30)	0	500 404.80
27221975-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Бұлғақты ішпек	жүк автомобилі үшін	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін бұлғақты ішпек (жасыл) номенклатуралық нөмірі 500054903	Комплект	12	10 856.16	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (12)	0	130 273.92
27231891-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Салон жылытушысы	автобуска арналған	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін сыртқы салон жылытушысы номенклатуралық нөмірі 5801349399	Дана	15	183 498.56	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (15)	0	2 752 478.40
27231778-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Фара	жүк автомобилі үшін	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін сол жақ алдыңғы бұрылыс шамына қаптау номенклатуралық нөмірі 5801607921	Дана	30	16 680.16	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (30)	0	500 404.80
27218297-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Басқару блогы	арнайы және мамандандырылған техника үшін	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін EDC қозғалтқыш басқару блогы номенклатуралық нөмірі 504388754	Дана	5	575 319.36	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (5)	0	2 876 596.80



27232168-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Ауыстырып-қосқыш	жүк автомобилінің беріліс қорабына арналған	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін ауыстырып-қосқыш (қол тежегіш тумблеры) номенклатуралық нөмірі 42024374	Дана	50	20 250.72	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (50)	0	1 012 536.00
27240707-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Түтік	отындық, дизельдік қозғалтқыш үшін	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін отындық түтік номенклатуралық нөмірі 504126981	Дана	10	15 000.16	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (10)	0	150 001.60
27240720-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Түтік	отындық, дизельдік қозғалтқыш үшін	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін отындық түтік номенклатуралық нөмірі 504126983	Дана	10	10 570.56	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (10)	0	105 705.60
27221712-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Бұлғақты ішпек	жүк автомобилі үшін	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін бұлғақты ішпек-0.127 (түсі жасыл-қара) номенклатуралық нөмірі 500054905	Комплект	12	31 815.84	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (12)	0	381 790.08
27238206-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Ауашығарғыш	жүк автомобилі үшін	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін ауашығарғыш номенклатуралық нөмірі 504089127	Дана	40	18 490.08	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (40)	0	739 603.20



27243428-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Дифференциал	жүк автомобилі үшін	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін конус түрдегі жетегі (планетарлық механизм жиынтықта) номенклатуралық нөмірі 42577804	Дана	5	2 492 010.08	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (5)	0	12 460 050.40
27240736-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Түтік	отындық, дизельдік қозғалтқыш үшін	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін отындық түтік номенклатуралық нөмірі 504126985	Дана	10	14 707.84	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (10)	0	147 078.40
27222378-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Сыртқа шығаратын құбыр	жүк автомобилі үшін	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін су құбыры номенклатуралық нөмірі 5801634480	Дана	20	72 595.04	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (20)	0	1 451 900.80
27241379-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Цапфа	жүк автомобилі үшін	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін сол жақ цапфа номенклатуралық нөмірі 5801206427	Дана	2	696 876.32	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (2)	0	1 393 752.64



27237649-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Білік	үлестіргіш	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін үлестіргіш білік номенклатуралық нөмірі 504254723	Дана	20	210 411.04	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (20)	0	4 208 220.80
27225772-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Дифференциал	автобуска арналған	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін деффернциал жиынтығы номенклатуралық нөмірі 42577472	Дана	5	1 683 500.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (5)	0	8 417 500.00
27233334-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Арақашықтықтан басқару пульті	салқындатқыш үшін	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін ауа басқару пульті номенклатуралық нөмірі 5801688451	Дана	20	197 731.52	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (20)	0	3 954 630.40
27230798-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Модуль	транзисторлы	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін модуль AD BLUE (желдеткіш) номенклатуралық нөмірі 504381868	Дана	20	520 839.20	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (20)	0	10 416 784.00
27240730-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Түтік	отындық, дизельдік қозғалтқыш үшін	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін отындық түтік номенклатуралық нөмірі 504126984	Дана	10	14 707.84	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (10)	0	147 078.40



27244063-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Жанармай сорғысы төрткілдеші	жүк автомобилі үшін	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін жанармай рампасы номенклатуралық нөмірі 504373407	Дана	2	188 143.20	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (2)	0	376 286.40
27240716-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Түтік	отындық, дизельдік қозғалтқыш үшін	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін отындық түтік номенклатуралық нөмірі 504126982	Дана	10	13 980.96	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (10)	0	139 809.60
27216953-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Басқару блогы	арнайы және мамандандырылған техника үшін	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін EBS-ECU блогы номенклатуралық нөмірі 5801459994	Дана	5	313 968.48	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (5)	0	1 569 842.40
27217007-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Басқару блогы	арнайы және мамандандырылған техника үшін	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін ECU-SAMU блогы номенклатуралық нөмірі 5006144131	Дана	20	352 478.56	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (20)	0	7 049 571.20
27237535-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Гидротаратқыш	крандық	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін бөлуші (апаттық есікті ашу) номенклатуралық нөмірі 5010433699	Дана	20	64 981.28	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (20)	0	1 299 625.60



27231840-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Салон жылытушысы	автобуска арналған	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін шахта салон жылытушысы номенклатуралық нөмірі 5801349401	Дана	20	231 375.20	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (20)	0	4 627 504.00
27221948-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Бұлғақты ішпек	жүк автомобилі үшін	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін бұлғақты ішпек номенклатуралық нөмірі 500054902	Комплект	12	10 856.16	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (12)	0	130 273.92
27217923-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Басқару блогы	арнайы және мамандандырылған техника үшін	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін IOU POWER блогы номенклатуралық нөмірі 5801404555	Дана	20	255 160.64	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (20)	0	5 103 212.80
27221668-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Бұлғақты ішпек	жүк автомобилі үшін	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін бұлғақты ішпек-0.127 (түсі қызыл-қара) номенклатуралық нөмірі 500054904	Комплект	12	34 356.00	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (12)	0	412 272.00
27240746-OK1	"№ 1 Автобус паркі" акционерлік қоғамы	Түтік	отындық, дизельдік қозғалтқыш үшін	IVECO Urbanway *VIN VNE422N600308830* автобусы үшін отындық түтік номенклатуралық нөмірі 504126986	Дана	10	13 980.96	техникалық сипаттамаға сәйкес	техникалық сипаттамаға сәйкес	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Нұр-Сұлтан қ., А.Пушкин көшесі, 37/2 (10)	0	139 809.60



Договор о государственных закупках товаров

г.Нур-Султан

№580

Акционерное общество "Автобусный парк № 1", именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Председатель правления Пулатов Нурмахан Сапарбекович, действующий на основании Устава, с одной стороны и Товарищество с ограниченной ответственностью "Auto Bus Service", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Руководитель Марценюк Станислав Юрьевич, действующий на основании Устава, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Открытый конкурс» от 2019-09-09 года № 3563080-ОК1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень закупаемых товаров (Приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

2 Сумма Договора и условия оплаты

2.1 Общая сумма Договора определяется Приложением № 1 к Договору и составляет 73 330 969.60 (семьдесят три миллиона триста тридцать тысяч девятьсот шестьдесят девять тенге шестьдесят тьин) тенге и включает все расходы, связанные с поставкой Товаров, а также все налоги и сборы, предусмотренные законодательством Республики Казахстан, в том числе НДС 7 856 889.60 тенге (семь миллионов восемьсот пятьдесят шесть тысяч восемьсот восемьдесят девять тенге шестьдесят тьин) (далее - сумма Договора).

2.2 Оплата за поставленный Товар производится Заказчиком путем перечисления денежных средств на расчетный счет Поставщика не позднее 30 (тридцати) календарных дней с даты подписания Сторонами акта приема-передачи Товара.

2.3 Объем поставляемых Товаров, в количественном и стоимостном выражении оговорен в Приложении 1 к Договору.

2.4 Необходимые документы, предшествующие оплате:

- 1) подписанный Договор;
- 2) накладная;



3) акт(ы) приема-передачи товара(ов);

